

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2016 жылғы 19 қазандағы
№12 бұйрығына сәйкес, Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағи Ильясов атындағы
№9 мектеп-гимназиясы» КММ 2025 жылдың 10 айының
қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу бойынша
АНЫҚТАМА**

Қызылорда қ.

09.12.2025ж.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында 2025 жылдың 10 айының қорытындысымен талдау жасалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі: «Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Н.Ильясов атындағы №9 мектеп гимназия» КММ жұмысшы тобы жүргізді.

«Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия» КММ орналасқан жері: Ақмешіт шағын мөлтек ауданы №34, электрондық почта 9shkolagimnaziya@mail.ru, телефон 8(7242)22-14-52 Көрсетілген мерзімде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

№9 мектеп-гимназиясында жалпы қызметкерлер саны—214

Жүргізілген талдама құжаттарды қарай келе, білім беру ұйымында—педагог қызметкерлер саны—172 оның ішінде 1 директор, 5 орынбасар, 2-педагог психолог, 1-тәлімгер, 2-әлеуметтік педагог (1бала күтімінде), 1-дефектолог,

1- логопед, педагог-ассистент-22, 1-менеджер, 2- кітапханашы, 10 -педагог бала күтімінде.

- Педагог шебер-2(1,1%)
- Педагог-зерттеуші –33(19%)
- Педагог сарапшы – 40(23%)
- Педагог-модератор–42(24%)
- Педагог санаты-57 (32,7%).

Жоғары білімді–169(97%), арнаулы орта білімді –5(3%) оның 1 кітапханашы. Педагогика ғылымының магистрі –16(10%). Мектеп-гимназия директорының III санатты басшылық санаты бар. Оқу орынбасарлары бойынша III санатты басшының орынбасары-1, оқу орынбасары II санатты басшының орынбасары-1. «Білім беру жүйесінің 1000 көшбасшысы»-1. Техникалық қызметкер- 40, оның ішінде 1-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары 1-шаруашылық меңгерушісі, 1-басбухгалтер, 2-бухгалтер (1 бала күтімінде), 4- лаборант, 1- жүйетехнигі, 1- бағдарламашысы, 1 менеджер, 1-хатшы, 1-ісжүргізушісі, 2-вахтер,(1бала күтімінде) 3-қарауыл, 1 электрик, 1-сантехник, 2-жұмысшы, 2-ауласыпырушы, 15-еден жуушы.

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы» КММ бос жұмыс орындары–2 (директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары, педагог–ассистент), оның ішінде уақытша бос жұмыс орындары –0, өз еркі мен жұмыстан босатылғандар педагогтер –13, техникалық қызметкерлер –9, теріс себептер бойынша жұмыстан босатылғандар –жоқ. Тәртіптік жауапкершілікке алынбаған. Мектептің барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Тексерілетін кезеңінде сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылық көріністері фактілері жоқ.

Білім сапасы:

- 2025-2026 оқу жылында №9 мектеп-гимназиясында барлығы 1491 оқушы; МАД-51, 1-4 сыныптар- 526, 5-9 сыныптар –738, 10-11 сыныптар- 176.

2024-2025 оқу жылында №9 мектеп-гимназиясында 11 сыныпты 84 оқушы бітіріп, жалпы орта білім туралы аттестаталды. Оның ішінде «Алтын белгі» иегері-1, «Үздік аттестатқа» иегері- 9.

9 – сыныпты - 148 оқушы бітіріп,негізгі орта білім туралы аттестат алды, оның ішінде - «Үздік аттестатқа» иегері-12. ҰБТ-ға 84 оқушының 79-ы қатысты, қатысу пайызы-94%, орташа балл-88, Жалпы 61 түлек ҚР ЖОО-на оқуға түсті. 38 оқушы мемлекеттік грант иегері атанды.

2025-2026 оқу жылының I тоқсаны бойынша білім сапасы: 52,6%.

«Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың тамыз-қазан айларында бос және уақытша бос орнына өткізілген конкурстар» «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау,

лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 бұйрығы және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы бірлескен бұйрығы мен талаптарына сәйкес жүзеге асырылды №57 бұйрық қағидаларының 159- тармағында көрсетілген талап бойынша кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы Қағиданың 16-қосымшасына сәйкес Бағалау парағында көрсетілген баллдарды есептеуді жүзеге асыру қажеттігін және қағиданың 161 тармағына сәйкес конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балл негізінде мектеп-гимназия директорына бос немесе бос лауазымына тағайындау конкурсының жеңімпазы деп танылып, жұмысқа қабылдау ұсынылды.

Жалпы жұмысқа лауазымға 1 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (орыс/қазақ бөлімдері) –1(бір) жүктеме бос орнына, Математика пәні мұғалімі лауазымы (орысбөлімі) –1(бір) жүктеме бос орнына, Орыс тілі мен әдебиеті лауазымы (орыс қазақ бөлімдері)-1(бір) жүктеме бос орнына, Информатика пәні мұғалімі лауазымы (орыс бөлімі)– 1 (бір) жүктеме уақытша бос орнына, педагог-ассистент лауазымы(орыс/қазақ бөлімдері)–7(жеті) жүктеме уақытша бос орнына, Физика пәні мұғалімі лауазымы(орыс бөлімі)–1(бір) жүктеме бос орнына, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі лауазымы–1(бір) жүктеме бос орнына педагогтер қабылданды. Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Жалпы білім беретін мектептерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелерінде көрсетілген лауазымдық нұсқаулығын басшылыққа алып атқаруда, яғни жоғары да көрсетілген жауапты қызметкерлерге мүдделер қақтығысы орын(жеке басының мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық)алған жағдайда, лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынатыны ескертілуіне орай заң талаптары бұзу фактілері орын алмағанына орай, Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

«Бастауыш,негізгі орта,жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына карамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша 2025-2026 оқу жылына EGOV.KZ электрондық үкіметі порталы арқылы ағымдағы 2025 жылдың 1-сәуірінен бастап 1 сыныпқа 120 өтініш түсті.Кері қайтарылғаны 10 өтініш.

EGOV.KZ электрондық үкіметі порталына төмендегі балалардың ата-аналары тіркеген, құжаттары кері қайтарылмаған,бала мектепке келмеген.

1.Марат Нурдаулет 16.12.2019 ж./тіркелген уақыты 18.07.2025/
2.Галитдин Разия 23.06.2019 ж /тіркелген уақыты 10.04.2025 ж./
3.Сахабиұлы Ратмир 26.09.2019 ж./ тіркелген уақыты 18.08.2025ж /
EGOV.KZ электрондық үкіметі порталы арқылы барлығы 107 бала
қабылданды.Қағаз түрінде 3 бала қабылданды.

2025-2026 оқу жылында №9 мектеп-гимназиясына 110 бала
қабылданды.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін
бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына
қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша ата-ана өтініші
негізінде 2025 қаңтар-желтоқсан аралығында мемлекеттік көрсетілетін
қызметі бойынша 2-11 сыныптарға 149 оқушы қабылданды. Оның ішінде 2-4
сыныпқа 61 оқушы, 5-9 сыныпқа 78 оқушы. 10-11 сыныпқа 10 оқушы
қабылданды. "Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың
телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша ES.IAC.KZ
порталы арқылы барлығы 3 өтініш түсіп, 3 аттестаттың телнұсқасы берілді.

**«Жалпы білім беретін мектептердің білім алушылар мен
тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген
тамақтандыруды ұсыну»**

2025-2026 оқу жылы бойынша барлық ыстық тамақ пен қамтылған
оқушылар саны 704, оның ішінде 1-4 сыныптар арасында 520 оқушы, 5-11
сыныптар арасында 184 оқушы.

**«Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қаласыртындағы және
мектеп жанындағы лагерьде демалу үшін құжаттарқа былдау және
жолдама беру»**

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша жаз маусымында
жазғы лагерь мектеп гимназия ғимаратында ағымдағы күрделі жөндеу
жұмыстары жүргізілуіне байланысты қамтамасыз етілмеді, қала сыртындағы
лагерьге 30 оқушы, 2025-2026 оқу жылында 9 «А» сынып оқушысы Ахметов
Ерасыл және 7«Д» сынып оқушысы Абдуллаев Али Түркістан облысындағы
Республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру лагерьіне, 10 «Б» сынып
оқушысы Орынбасар Арсен Қонаев қаласындағы Республикалық «Жаңа
белес-Жаңа арман» тақырыбындағы сауықтыру лагерьіне жіберілді.
Денсаулығына байланысты үйден оқытылатын оқушылардың құжаттарын
рәсімдеу «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына
денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды
үйде жекетегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүргізіліп отыр, 2025
жылдың 10 айында (қаңтар-желтоқсан) 21 оқушының ата-анасынан өтініш
түскен, 4 оқушының ата-анасынан денсаулығына байланысты уақытша үйден

оқуға өтініш қабылданып, денсаулықтары жақсарғаннан кейін мектепке қосылды. Қазіргі таңда 17 оқушы үйден оқытылып отыр.

2. Мемлекеттік орган мен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет орын алынған жоқ.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП)–0 санын құрады.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, заң аясында жұмыстар жүргізілген. Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптары мен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

№ 9 мектеп-гимназиясына бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша іске асыру мүмкіндігі жоқ.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

Қаңтар– 92 867, 00 мың тг

Ақпан – 68 429,00 мың тг

Наурыз- 80417,00 мың тг

Сәуір-81 382,00 мың тг

Мамыр- 80 417,00 мың тг

Маусым-236118,00 мың тг

Шілде- 23 798,00 мың тг

Тамыз -66461,00 мың тг

Қыркүйек-7 1389,00 мың тг

Қазан- 67153,00 мың тг

Қараша-82563,00 мың тг

Қаржы бөлініп, толықтай өз мақсаттары мен игерілген, қызметкерлер жалақыларына талдау жасалып, қателіктер болған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу 10 ай қорытындысы бойынша, оның ішінде: мемлекеттік сатып алу ұсыныстарды сұрату арқылы -24 780,20 мың тг.

159-ыстық тамаққа-39 250,58 мың тг

163-ыстық тамаққа -13 139,2 мың тг

Асп- 20 062,902 мың тг

152-Телеком-2 482,00 мың тг

151-Свет-3 500,00 мың тг

151- жылу-14 063,3 мың тг

Сатып алу бойынша жұмысты талдау көрсетілген кезеңде бұзушылықтар жоқ екенін көрсетті.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2025-2026 оқу жылының қаңтар-желтоқсан айлары аралығында Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының директоры бекітілген кестеге

сәйкес 1 азаматқа жеке қабылдау жүргізді. Оның ішінде мекептің ата анасының өтініші тыңдалды. Айтылған мәселесінің жауабы қанағаттандырылды.

Әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері мөлтек аудан және қала тұрғындарының №9 мектеп-гимназиясына оқу-тәрбие үдерісі т.б. мәселелері бойынша №9 мектеп-гимназиясының директорының жеке қабылдауы тұрақты өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, директор мен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күні жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді.

ҚР-ның 2020 жылғы 29 маусымдағы «Әкімшілік рәсімдік-процесті кодексі» туралы Кодексінің 89-бабы, 2 тармағына сәйкес хабарға, ұсынысқа үн қосуға сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ішкі талдау барысында өтініштер тіркеліп, қаралып өтініш иелеріне қабылданған шешімге қанағаттанбаған жағдайда шағым беру құқықтары түсіндірілді. Сонымен қатар 2025-жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында «Е Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен хат саны-25, оның ішінде 4 арыз, 1 хабар, 20 ұсыныс. Бұл хаттарға белгіленген мерзім аралығында электрондық жүйе арқылы жауап берілді. Ішкі талдау барысында заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

8) Құқық бұзушылықты болдырмау және алдын-алу;

2025 жылдың 9 қаңтарында 27.11.2008 жылы туылған, 11- сынып оқушылары М.Шарапхан және 07.11.2008 жылы туылған А.Төремұрат түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22:00 ден кейін көшеде полиция қызметкерлеріне ұсталған. Осы орайда білім алушылар және олардың ата-аналарымен үй-жайына барып мектеп әкімшілігі тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Осы кезеңге дейін аталған оқушылардың қатысуымен ешқандай құқық бұзушылық болмаған. Екі оқушы да қоғамдық жұмыстарға, іс-шараларға белсене қатысатын, оқу үлгірімдері жақсы оқушылар. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер инспекторы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ата-аналарына шара көрілді. 2025 жылдың 23 мамыр күні сағат 14:50 шамасында басқарма қызметкерлерінің бағыт аралау барысында 9-сынып оқушысы 17.07.2010 жылы туылған Фархатұлы Расулдың Ақмешіт мөлтек ауданында пышақ ұстағаны анықталды. Оқушының ата -анасы шақыртылып, Табынбаев Фархат аталған оқиға орын алған күні баласының пышақты тауып алғандығын айтып түсініктеме берген. Алайда үйіне келген соң ұлы Расулмен жеке сөйлесу барысында ол пышақты сол жерде жанында болған Нұрасыл есімді танысы қалтасына салып қоюын өтінгендігі жөнінде шындығын айтып берген. Аталған оқушымен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9) Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы аясында жүргізілген. Мектеп-гимназияда мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Қорытынды

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Қызылорда облысының білім басқармасының, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы» КММ-де атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

**«Нағи Ильясов атындағы
№9 мектеп-гимназия директоры**



Б.С.Ибраев